



Kaspi.kz төлем жүйесіне қатысу туралы шарт

Осы Kaspi.kz төлем жүйесіне қатысу туралы шарт қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын Қатысушы және Есеп айырысу банкі ұсынылған Шартқа тұтастай қосылу арқылы қабылдауы мүмкін.

1. Жалпы ережелер

1.1. Шартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

- 1) POS терминал – Технологиялық платформаның бір бөлігі, бағдарламалық-аппараттық кешен, оның көмегімен Төлем құралдарын пайдаланып және Есеп айырысу Банкі мен Қатысушының ақпараттық жүйесіне қосылып, Операция жүргізіледі;
- 2) QR код – банктік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету технологиясы, ол Төлем құралдарына жатады және Операцияларды сәйкестендіруге және Операцияның POS терминал арқылы жүргізілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- 3) Сатушының санаты – қызмет түрі, Сатушы ұсынатын Тауарлардың/қызметтердің мәні. Сатушының санаттарының Тізбесі Тарифтерде айқындалады және Қатысушының назарына электрондық түрде Байланыс арналарымен жеткізіледі және/немесе Сайтта орналастырылады;
- 4) Демалыс күндері – бес күндік жұмыс аптасы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген демалыс күндері (сенбі, жексенбі), сондай-ақ жұмыс істемейтін мереке күндері дни;
- 5) Кепілдік салым – Қатысушы тиісті Шартта айқындалатын мөлшерде және тәртіппен Есеп айырысу Банкінде орналастыратын ақша сомасы;
- 6) Шарт – осы Kaspi.kz төлем жүйесіне қатысу туралы шарт. Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен жасалады;
- 7) Өтініш – Қатысушы қол қоятын, Қатысушының Шартқа қосылуға келісімін қамтитын Оператор белгілеген нысан бойынша жасалған құжат;
- 8) Сайт – www.kaspi.kz;
- 9) Төлем қызметі – Қатысушы Операторға ұсынатын төлем қызметі, атап айтқанда Сатып алушылар (клиенттер) электрондық нысанда бастама көтерген Төлемдерді өңдеу және Төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру не осы Төлемдер бойынша ақша қабылдау үшін қажетті ақпаратты Есеп айырысу Банкіне беру қызметі;
- 10) Байланыс арнасы – Шарт бойынша ақпарат беру құралдарының бірі: Интернет, электрондық пошта (e-mail), пошта байланысы, факс, Сайттағы хабарлама;
- 11) Жинақ шоты – Депозитті орналастыру үшін Салымшыға ашылған жинақ шоты;
- 12) ЕБ шоты – Есеп айырысу Банкінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде KZT ашылған және Шарттың 15-бабында көрсетілген банктік корреспонденттік шоты;
- 13) Оператор – Kaspi Pay ЖШС;
- 14) Операциялық күн – ағымдағы күннің Астана уақытымен 00 сағат 00 минутынан бастап Астана уақытымен 23 сағат 59 минутты қоса алғанда 24 (жиырма төрт) сағатқа тең электрондық банкінг жүйесіндегі уақыт кезеңі, ол уақыт ішінде Есеп айырысу Банкі Төлемдерді не Клиенттерден ақша аудару туралы нұсқауларды не осындай нұсқауларды кері қайтарып алу туралы нұсқауларды жүзеге асырады. Демалыс және/немесе мереке күндерінен кейінгі бірінші жұмыс күні аяқталатын операциялық күн демалыс және/немесе мереке күндеріне келетін күндерді қамтиды;
- 15) Операция немесе Төлем – Төлем құралдарын пайдалана отырып, Сатушының және/немесе үшінші тұлғаның Есеп айырысу Банкінде ашылған банктік шоттары арасында Сатып алушыдан (жөнелтушіден) Сатушының (алушының) банктік шотына төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу. Қатысушы төлемді Сатушының (алушының) өкіміне сәйкес оның Есеп айырысу Банкінде ашылған шотына одан әрі есепке жазу үшін Сатып алушының (жөнелтушінің) банктік шотынан ақшаны есептен шығару арқылы жүзеге асырады;
- 16) Есептік күн – Қатысушының Төлемдерді қабылдайтын және Есеп айырысу банкінің Сатушының шоттарына есепке жазатын, Астана уақытымен 00 сағат 00 минут 00 секундтан бастап 23 сағат 59 минутқа дейін белгіленген күнтізбелік күн;
- 17) ДД – Сатушылардың және/немесе Сатып алушылардың (алушылардың және/немесе жөнелтушілердің) және/немесе Қатысушының немесе Есеп айырысу Банкінің клиенттерінің дербес деректері;
- 18) ҚЖ/ТҚҚ – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;
- 19) Сатып алушы – Тауарды (қызметті) сатып алатын және Төлем құралын пайдаланатын Қатысушының клиенті (ақша жөнелтуші);

- 20) Ереже – Сайтта орналастырылған Kaspi.kz төлем жүйесінің ережесі;
- 21) ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЕРЕЖЕСІ – Сайтта орналастырылған және даулы, диспуттық жағдайларды шешу тәртібін және Төлемдерді қайтару ережелерін айқындайтын құжат;
- 22) Сатушы – Тауарды сататын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер (мерчант және ақша алушы);
- 23) Есеп айырысу Банкі – «Kaspi Bank» АҚ;
- 24) Есептік ай – күнтізбелік айдың бірінші күні Астана уақытымен 00 сағат 00 минуттан бастап күнтізбелік айдың соңғы күні Астана уақытымен 23 сағат 59 минутқа дейінгі электрондық банкинг жүйесіндегі уақыт кезеңі;
- 25) Тізілім – Есептік күндегі барлық Төлемдер туралы Есеп айырысу Банкі Қатысушыға электрондық түрде (файл) беретін мәліметтер. Тізілімнің пішімі және беру тәртібі ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕ белгіленген;
- 26) Сервис – Операцияны, соның ішінде Сатып алушылардан (Төлеушілерден) үшінші тұлғалардың қатысуынсыз қабылданған төлемдер бойынша Сатушының (бенефициардың) пайдасына ақша аударымын жүзеге асыру кезінде Қатысушы, Сатушы арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-әрекетті, оның ішінде процессингті қамтамасыз ететін қызметтер;
- 27) Жүйе – Kaspi.kz төлем жүйесі;
- 28) Даулы жағдай – төлемнің рұқсатсыз жасалу ықтималдығына байланысты немесе Жүйенің тиісінше жұмыс істемеуіне немесе Операцияға қатысушылардың қате әрекеттеріне қатысты өзге де мәселеге байланысты жағдай;
- 29) Төлем құралы – Тауарға және/немесе қызметке ақы төлеу мақсатында Сатып алушының банктік шотына нұсқау беру тәсілдерінің бірі, оның ішінде Қатысушы шығарған төлем карталары, төлем құжатын қағаз жеткізгіште немесе сәйкестендіру құралдарын қолдана отырып электрондық түрде ресімдеу, QR - кодты (Kaspi QR) генерациялау;
- 30) Тариф – Сайтта орналастырылған Операторға тиесілі комиссия мен төлемақы мөлшері;
- 31) ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ – Сайтта орналастырылған, Тараптардың техникалық өзара іс-әрекеті мен ақпараттық жүйелерін интеграциялау тәртібін айқындайтын, құжат;
- 32) Технологиялық платформа – бағдарламалық-аппараттық кешен, оның ішінде бұлтты технологияларды пайдаланатын, Тауарларды сатып алуға және қызметтерге ақы төлеуге арналған Төлем құралдарын шығару және пайдалану үшін сервистерді ұсыну жөнінде техникалық шешімді қамтитын, сондай-ақ Төлем құралдарын пайдаланып төлемдер мен басқы Операцияларды жүргізген кезде жасақталатын ақпаратты жинайтын, өңдейтін және беретін бағдарламалық кешен;
- 33) Тауар – Сатушы сататын тауарлар/қызметтер/жұмыстар;
- 34) Қатысушы – Өтінішке қол қойған екінші деңгейдегі банк (және/немесе лицензия негізінде банк операцияларын жүзеге асыратын ұйым);
- 35) ЭЦҚ – «Kaspi Bank» АҚ Куәландырушы орталығы шығарған электрондық цифрлық қолтаңба.

1.2. Ережеде айқындалған терминдер мен анықтамалардың Шарттағыдай мағынасы болады.

2. Жалпы талаптар

2.1. Қатысушы Өтінішке қол қою арқылы Ережемен, Шартпен және оның қосымшаларымен танысқанын растайды және Шарттың барлық талаптарын тұтастай қабылдайды. Шарт Қатысушы Өтінішке қол қойған сәттен бастап Тараптар арасында жасалған болып есептеледі. Қатысушы, Оператор және Есеп айырысу Банкі Шарттың Тараптары болып табылады.

2.2. Төлемді қайтару немесе Төлем бойынша Даулы жағдайларды реттеу кезіндегі Тараптардың өзара іс-әрекеті ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЕРЕЖЕСІНДЕ айқындалады.

2.3. Тараптар есеп айырысуды KZT (қазақстандық теңгеде) жүзеге асырады. Тараптар арасындағы өзара есеп айырысу KZT жүргізіледі.

2.4. Тараптар:

- 1) ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТКЕ сәйкес келісілген құралдар мен деректерді беру арналарын пайдалана отырып, келісілген пішімде электрондық құжат айналымын жүзеге асыруға;
- 2) электрондық құжат айналымын ұйымдастыру мақсатында келісілген мерзімде технологиялық іс-шараларды жүргізуге;
- 3) Тараптардың қатысуын көздейтін немесе екінші Тарап туралы ескертуді және/немесе екінші Тараптың тауар белгісін (және оның элементтерін) қамтитын барлық жарнамалық науқандар мен промо-акцияларды өткізу шарттарын Шарттың аясында пайдаланылатын электрондық арналар арқылы келісуге міндетті.

2.5. Есеп айырысу Банкі мен Қатысушы КЖ/ТҚҚ саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының және халықаралық экономикалық санкциялар режимінің талаптарын сақтайды.

3. Сервис

3.1. Оператор Қатысушыға Сервис көрсетеді, ал Қатысушы көрсетілген Сервис үшін Шартта және Тарифтерде көзделген тәртіппен ақы төлеуге міндеттенеді.

3.2. Оператор Операцияны, соның ішінде Сатып алушылардан (Төлеушілерден) үшінші тұлғалардың қатысуынсыз қабылданған төлемдер бойынша Сатушының (бенефициардың) пайдасына ақша аударымын жүзеге асыру кезінде Сатушы (бенефициар) мен Қатысушы арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-әрекетті жүзеге асырады.

3.3. Сервис: Қатысушы, Сатушы, Сатып алушы және Есеп айырысу Банкі арасындағы өзара есеп айырысу ережелерін қалыптастыруды, Жүйенің жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Сервистің қолжетімді функцияларын Оператор айқындайды және олардың көлемі Жүйенің техникалық мүмкіндігіне байланысты. Сервистің қолжетімді функциялары Байланыс арналарымен Қатысушылардың назарына жеткізіледі. Оператор

Қатысушыға Төлем құралы арқылы жасалған Операциялар туралы хабарламаны ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕ айқындалатын ақпарат алмасу хаттамасы бойынша онлайн режимде жібереді. Оператор ақпаратты Есеп айырысу Банкіне береді, Операция жасалғаннан кейін Есеп айырысу Банкі әр тәулік үшін немесе Тараптар электрондық түрде келіскен басқа кезең үшін Операциялар (Төлемдер) бойынша тізілімді қалыптастырады және осы ақпаратты Тараптар келіскен мерзімде және Байланыс арналары бойынша Қатысушыға береді.

3.4. Оператордың Сервис көрсету міндеті Қатысушы Технологиялық платформаға қосылған сәттен бастап туындайды.

3.5. Сервистің құны Тарифтерге сәйкес айқындалады. Тарифтер қайта қаралған жағдайда Оператор жеңілдік (мұндай жеңілдік болған жағдайда) және/немесе тарифтердің мөлшерінің өзгерістері ескерілгенде Сервистің құнын Қатысушының Өтініште көрсетілген электрондық мекенжайына жіберу арқылы электронды түрде Қатысушының назарына жеткізеді. Бұл жағдайда өзгертілген комиссияны қолдану күні осындай электрондық хабарламада көрсетіледі.

3.6. Сервистің ақысы Шартта (Деректемелер) көрсетілген Оператордың банктік шотына төленеді. Қатысушы Байланыс арналары бойынша электрондық түрде және/немесе қағаз жеткізгіштерде Оператор берген Есептік ай үшін ақы төлеу шоты қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сервис үшін ай сайын ақы төлейді. Операцияның күші жойылған/Төлем қайтарылған кезде Сервис үшін комиссия Қатысушыға қайтарылмайды.

3.7. Оператор Қатысушыға көрсетілген қызметтер актісін (бұдан әрі – Акт) есептік айдан кейінгі айдың 15 (Он бесіне) дейін электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште ұсынады. Қатысушы Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Актіге қол қоюға немесе оған қол қоядан дәлелді бас тартуды жіберуге міндеттенеді.

3.8. Өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың 7 (Жетісіне) дейін Байланыс арналары арқылы электрондық түрде жүргізіледі.

3.9. Сайт, Технологиялық платформа Сатып алушының Тауарды сатып алу мүмкіндігін іске асыру және/немесе Төлем құралдарының бірін қолдана отырып қызметтерге ақы төлеу және олардың арасындағы есеп айырысуды қамтамасыз ету мақсатында Оператордың Қатысушыға қызметтерді көрсетуі үшін пайдаланылады.

3.10. Қатысушының ақпараттық жүйелерімен жанасу (қажет болған жағдайда және техникалық мүмкіндік болған жағдайда) ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕ көрсетілген Оператордың өзара іс-әрекетінің стандартты алгоритмі бойынша жүзеге асырылады

3.11. Сервис және Операция туралы деректерді өңдеу сатылары мыналарды қамтиды:

- 1) Сатып алушы (Төлеуші) Төлем құралы (QR) арқылы Сайтта/Терминалда/Мобильді қосымшада/POS-терминалда авторизациядан өтуге/Операция жүргізуге сұратуға бастама көтереді;
- 2) **Оператор** Қатысушыға авторизациядан өтуге/Операцияны/транзакцияны жасауға сұратуларды ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕ көрсетілген Байланыс арналарының бірі арқылы жібереді;
- 3) Авторизациялық сұрауға жауап туралы ақпарат Сайтта/Терминалда/Мобильді қосымшада/POS-терминалда көрсетіледі;
- 4) Қатысушыдан ақшаны сәтті бұғаттау туралы растауды алғаннан кейін, яғни авторизациялық жауап оң болған кезде Оператор осындай Операция бойынша ақшаны Сатушының шотына аудару үшін Есеп айырысу Банкіне сұрату беруге бастама көтереді. Авторизациялық жауап теріс болған кезде Операция қабылданбайды;
- 5) Есеп айырысу Банкі осындай Операциялар бойынша есеп айырысудан түскен ақшаны алады және оларды Сатушылардың банктік шоттарына аударады.

3.12. Оператор Сатушыға түсетін ақша түсімдеріне қол жеткізе алмайды.

3.13. Сервис шеңберіндегі Оператордың міндеттері:

- 1) Қатысушыдан авторизациялық сұратудан бас тарту алған жағдайда Төлем құралдары бойынша барлық авторизациялық сұратуларды (кез келген жеке алынған шоттағы немесе Төлем құралындағы қаражат қалдығына қарамастан) қабылдамау;
- 2) Қатысушыға Технологиялық платформаның жұмысына қатысты консультациялық қолдау көрсету және Төлем құралдарына бірлесіп қызмет көрсетуді іске асыру барысында жәрдемдесу.
- 3) Төлем жүйесіндегі төлемдер бойынша Қатысушының айналымдары туралы мәліметтерді Есеп айырысу Банкіне тұрақты негізде беру.

3.14. Оператор мынаны қамтамасыз етеді:

- 1) Қатысушыны Технологиялық платформаға қосу және Тараптарға Операцияны жасау үшін қажетті Технологиялық платформаның сервистерін ұсыну;
- 2) Технологиялық платформаның тәулік бойы жұмыс істеу режимі (тәулігіне 24 сағат x аптасына 7 күн x жылына 365/366 күн); Сервисті жақсарту бойынша техникалық жұмыстарды жүргізу кезеңдерін қоспағанда, бұл туралы Оператор Қатысушыларды кемінде 12 сағат бұрын хабардар етеді;
- 3) Технологиялық платформаны техникалық қолдау;
- 4) Төлем құралдарын беру және қызмет көрсету, оның ішінде Операцияларға қызмет көрсету үшін инфрақұрылым ұсынады;
- 5) Қатысушыға Сайттағы Жеке кабинетке, POS-терминалдарға, Операцияларға қызмет көрсету үшін инфрақұрылымға қолжетімділік ұсыну;
- 6) Технологиялық платформаның жұмыс істеуі үшін талап етілетін ақпаратпен алмасу.

3.15. Қатысушы мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕ сәйкес авторизациялық сұрату бойынша уақтылы жауап;
- 2) Оператор ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕ айқындайтын клиенттердің/Сатып алушылардың шоттарының сәйкестендіргіштерінің пішімдері мен деректемелерін сақтау;
- 3) ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЕРЕЖЕСІН сақтау;

- 4) Технологиялық платформадағы процессинг модулінің, маршрутизаторлардың, Байланыс арналарының, Жүйенің жұмысына қатысатын ақпараттық жүйелердің техникалық сипаттамаларын уақтылы қабылдау және жаңарту және Оператор талап ететін Операция өрістерін дұрыс толтыру;
- 5) Төлем/Операциялар жасаудан бас тартуға жол бермеу;
- 6) Сатып алушыға Оператордан Төлемнің қайтарылғаны туралы хабарлама алған сәттен бастап 1 сағат ішінде қайтарылған Төлем сомасы мөлшерінде ақша аудару;
- 7) Сатып алушыларды SMS және/немесе олардың арасындағы шарттарда көзделген өзге де байланыс арналары арқылы олардың банктік шот(-тар)ындағы ақшаны есептен шығару және есепке алу жазу туралы 1 сағат ішінде хабардар ету;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Есеп айырысу Банкінің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген Қатысушыны тиісінше тексеру жөніндегі шараларды Есеп айырысу Банкінің қабылдауы үшін оның сұратуы бойынша Есеп айырысу Банкіне құжаттар мен ақпаратты ұсыну.

4. Қатысушының төлем қызметі

Қатысушы Операторға Төлем қызметтерін ұсынады (атап айтқанда Сатып алушылар электрондық нысанда бастама көтерген Төлемдерді өңдеу және қажетті ақпаратты Төлем жасау және (немесе) осы Төлемдер бойынша ақша аудару не ақша қабылдау үшін Операторға және Есеп айырысу Банкіне беру қызметтері). Шарттың мақсаттары үшін Төлем қызметі деп Оператор эмиссиялайтын және төлемсіз модуль қамтылмаған QR-кодтарды пайдалана отырып, Төлемдерге қызмет көрсету ғана түсініледі. Төлемсіз модуль пайдаланушыларды, клиенттерді, пайдаланушылар, клиенттер қалыптастыратын тапсырыстарды, көлік және өзге де құралдарды сәйкестендіру немесе аутентификациялау мақсаттары үшін қосымша функцияларды қамтуы мүмкін. Төлемсіз модульге байланысты қатынастар Шарттың мәні болып табылмайды.

4.1. Төлем қызметтерін көрсету тәртібі мен мерзімдері

- 1) **Төлем қызметтері** үшін қажетті Тараптардың техникалық өзара әрекет ету тәртібін Тараптар ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕ және/немесе Шартта және Өтініште көрсетілген Тараптардың электрондық мекенжайлары бойынша келісу арқылы айқындайды;
- 2) Қызмет көрсетудің басталуы – Өтінішке қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) ай ішінде және/немесе Оператордан Сервиске қосылуға дайындығы туралы тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде.

4.2. Төлем қызметіне ақы төлеу

- 1) **Төлем қызметіне** ақыны Оператор Қатысушының Өтініште көрсетілген банктік шотына әр Есептік күн үшін төлейді. Оператор Есептік күн аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай Есептік күн үшін Төлем қызметтеріне ақы төлейді. Демалыс күндері үшін Төлем қызметтеріне ақы төлеу Демалыс күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі;
- 2) Егер Есептік күні Төлемдерді қайтару жүзеге асырылған жағдайда, онда Оператордың Қатысушыға Есептік күнгі Төлем қызметтері үшін төлеуге тиіс комиссия сомасынан осындай күні қайтарылған Төлемдер үшін есептелген немесе төленген комиссия сомасы шегеріледі. Қайтарылған Төлемдер бойынша Төлем қызметі үшін комиссия төленбейді, ал ол бұрын төленген жағдайда – Операторға қайтарылуға;
- 3) Төлем қызметінің құны (ҚҚС-сыз) Сатушының Санатын ескере отырып, Қатысушының тарифтеріне сәйкес айқындалады;
- 4) Төлем қызметінің құны ұлғаю жағына қарай өзгертілмеуге тиіс.
- 5) Қатысушы Операторға есептік айдан кейінгі айдың 15 (Он бесінші) күніне дейін Көрсетілген қызметтер актісін (бұдан әрі – Акт) электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште ұсынады. Оператор Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Актіге қол қоюға немесе оған қол қояудан дәлелді бас тартуды жіберуге міндеттенеді.

4.3. Төлем қызметі туралы ақпарат беру тәртібі

Төлем қызметі туралы ақпарат Оператордың электрондық мекенжайына ұсынылады және/немесе Қатысушының сайтында және/немесе Сайтта орналастырылады.

4.4. Құқықтары мен міндеттері:

4.4.1. Қатысушы:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде КЖ/ТҚҚ туралы заңнамасының талаптарын сақтау үшін, сондай-ақ Foreign Account Tax Compliance (бұдан әрі – FATCA) заңнамасының талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы Оператордың деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты Оператордан сұратуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ туралы заңнамасында, Шартта көзделген жағдайларда Операторға Төлем қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға және (немесе) бас тартуға, Оператормен іскерлік қатынастарды бұзуға және Шарттың қолданысын тоқтатуға;
- 3) Қатысушының КЖ/ТҚҚ бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы мақсатында Қатысушыға берілген деректердің кез келген түрін алу, тексеру/қайта тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген іс-әрекеттер мен шараларды жүзеге асыруға құқылы.

4.4.2. Қатысушы:

- 1) Жоспарлы техникалық жұмыстар жүргізілген немесе Қызметтер көрсетуге әсер ететін авариялық жағдай туындаған жағдайда, Жеке кабинетте (техникалық мүмкіндік болған кезде) немесе Сайтта көрсетілген өзге де Байланыс арналарымен Операторға хабарлауға;
- 2) Қатысушының сайтында жариялау арқылы, сондай-ақ электрондық Байланыс арналары арқылы ресми хат жіберу арқылы деректемелердің өзгергені туралы Операторға хабарлауға.
- 3) Сатып алушыдан Төлем қызметіне қатысты сыйақы және/немесе комиссия алмауға.
- 4) Төлем қайтарылған жағдайда Төлем қызметі бойынша комиссияны/ақшаны қайтаруға;
- 5) Елдер, одақтар, ұйымдар енгізген халықаралық экономикалық санкциялардың, тыйымдардың, шектеулердің ықпалындағы Сатып алушылар үшін көзделген шектеулердің сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.4.3. Оператор:

- 1) Жоспарлы техникалық жұмыстар жүргізілген немесе Жүйенің жұмысына әсер ететін авариялық жағдай туындаған жағдайда Қатысушыны хабардар етуге;
- 2) Шарттың орындалуына байланысты емес мақсаттар үшін Сатушылар мен Сатып алушылардың ДД-ны пайдаланбауға және өңдемеуге;
- 3) Оператор жүзеге асыратын қызмет лицензиялануға тиіс болған жағдайларда, лицензияның нөмірі мен қолданылу мерзімі туралы, сондай-ақ оны берген орган туралы ақпарат беруге;
- 4) Қатысушының алдында берешек туындаған кезде оны дереу, бірақ кез келген жағдайда берешек пайда болған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеуге;
- 5) Қатысушыға деректемелердің өзгергені туралы Шартта көрсетілген Қатысушының мекенжайына жазбаша хабарлама жіберу арқылы деректемелер өзгерген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенеді.

4.4.4. Оператор Жүйенің қызметіне байланысты құқықтар мен міндеттерді Қатысушының келісімінсіз үшінші тұлғаға беруге құқылы.

4.4.5. Оператор Тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге, ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ ПЕН ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЕРЕЖЕСІН бекітуге және Сайтқа орналастыруға құқылы.

4.5. Рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерінің тәртібі

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылған төлем рұқсат етілмеген төлем болып табылады.
- 2) Банктік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, оны рұқсатсыз өзгерту, Төлем қызметін көрсету кезінде туындайтын рұқсат етілмеген төлемді немесе ақша аударымын және өзге де рұқсат етілмеген іс-әрекеттерді жүзеге асыру анықталған кезде, Қатысушы бұл туралы олар анықталғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Операторға хабарлайды.

4.6. Рұқсат етілмеген төлемдер бойынша мәселелерді реттеу тәртібі

- 1) Қатысушы рұқсат етілмеген төлем қызметін анықтаған жағдайда, Қатысушы ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЕРЕЖЕСІНДЕ көзделген тәртіппен және мерзімде әрекет етеді.
- 2) Оператор рұқсат етілмеген Төлем бойынша, сондай-ақ өзге де Даулы жағдайлар туындаған кезде осындай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде өтінішті қарайды;
- 3) **Төлем қызметін** көрсету кезінде туындаған рұқсат етілмеген Төлем және өзге де рұқсат етілмеген іс-әрекеттер анықталған кезде, Қатысушы бұл туралы олар анықталғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Операторға хабарлайды.

4.7. Наразылық білдіру және даулы жағдайларды шешу тәртібі

- 1) Тараптар Шарт бойынша туындаған дауларды, қайшылықтар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы реттеу жөнінде шаралар қабылдайды. Оқыс оқиғаларды (Даулы жағдайларды) қарау кезінде Тараптар ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЕРЕЖЕСІН басшылыққа алады;
- 2) Келіссөздер жүргізу мүмкін болмағанда не дауларды, қайшылықтар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған кезде олар Оператордың орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешіледі;
- 3) Тараптар Оператор мен Қатысушы арасында электрондық түрде айқындалған және келісілген кезең үшін төленген ақша сомасы бойынша салыстырып тексеру жүргізуге құқылы.

5. Өзара есеп айырысу

5.1. Сатып алушылардың тапсырмасы бойынша ақша аударымдарын (Төлемдерді) жүзеге асыру және оларды Сатушылардың шоттарына есептеу бойынша Қатысушы мен Есеп айырысу Банкінің өзара әрекеттесуі:

5.1.1. Қатысушы:

- 1) Сатушылардың Есеп айырысу Банкіндегі банк шоттарына есепке алу үшін бағдарламалық-техникалық құралдарды (оның ішінде аударымдар мен төлемдерді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін үшінші тұлғалардың бағдарламалық-техникалық құралдарын) пайдалана отырып, Сатып алушылардың тапсырмасы бойынша Төлемдерді қабылдауды және жөнелтуді жүзеге асыруға;
- 2) Есеп айырысу Банкі Тізілімге сәйкес алдыңғы Есептік күн үшін (соның ішінде Демалыс күндері) Төлемдер сомасынан кем емес сомада Астана уақытымен 12 сағат 00 минуттан кешіктірмей Қатысушының Есеп айырысу Банкі алдындағы дебиторлық берешегін өтеу мақсатында өзара есеп

айырысудың Есеп шотында ескеретін (Тізілімге сәйкес Есеп айырысу Банкінің Қатысушы алдындағы кредиторлық берешегінің жазбалары мен есебін көрсететін Есеп айырысу Банкіндегі бухгалтерлік шот, оның деректемелерін Есеп айырысу Банкінің қалауы бойынша Байланыс арналарының бірі арқылы Қатысушының назарына жеткізеді) ЕАБ Шотындағы Есеп айырысу Банкімен есеп айырысу үшін ақшаның болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Егер Қатысушы Тізілімде көрсетілген Төлемдер/Операциялар бойынша жеткілікті мөлшерде ақшаны қамтамасыз етпеген жағдайда, Есеп айырысу Банкі жетіспейтін ақша сомасын Кепілдік салымынан есептен шығаруға және Қатысушыға Кепілдік салымын енгізу мәселелерін реттейтін тиісті шартта көзделген айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы. Мұндай жағдайда оператор өз қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

3) Қатысушы Сатып алушылардан Сатушылардың пайдасына қабылдаған Төлемдер туралы жазбалар мен есепті, оның ішінде Жүйенің жұмысына байланысты Төлемдерді және өзге де міндеттемелерді қайтару туралы мәліметтерді көрсететін Есеп айырысу Банкінің бухгалтерлік есеп шотындағы операцияларды есепке алу арқылы Есеп айырысу Банкі есепке алатын Есептік күнгі Төлемдер бойынша берешекті өтеуге (Транзиттік шот);

4) Есеп айырысу Банкінен ақпаратты орналастыруға жататын келісімді ала отырып, ақпаратты Қатысушының ресми сайтында және өзге де арналарда орналастыру арқылы аударымдарды жүзеге асыру тәртібі туралы толық және анық ақпаратты Сатып алушыларға жеткізуге;

5) Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың қолжетімсіздігіне әкеп соғуы мүмкін техникалық сипаттағы себептердің туындағаны туралы келісілген байланыс арналары бойынша Есеп айырысу Банкі хабардар етуге **міндеттенеді**.

5.1.2. Есеп айырысу Банкі:

1) Төлем жасалған Операциялық күні Сатушының банк шотына Төлемді есептеуге, бұл ретте Қатысушы ақшаны өтеуге және Есеп айырысу Банкінің шығыстарын өтеуге (олар туындаған жағдайда) кепілдік береді;

2) қате жасалған Төлем жағдайында Сатып алушыға (жөнелтушіге) ақшаның қайтарылуын қамтамасыз етуге және Оператормен және Сатушымен (алушымен) тиісті жұмыс жүргізуге;

3) Тізілімді Қатысушы мен Операторға Есептік күннен кейінгі келесі жұмыс күні Астана уақытымен 10 сағат 00 минуттан кешіктірмей келісілген байланыс арнасы арқылы ұсынуға міндеттенеді. Салыстырып тексеру нәтижесінде алшақтық анықталған жағдайда Қатысушы Тізілімді алған күні Астана уақытымен 12 сағат 00 минуттан кешіктірмей Есеп айырысу Банкіне хабарлайды. Есеп айырысу Банкі алшақтық туралы ақпаратты алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және өз тарапында сәйкессіздік анықталған жағдайда Тізілімдегі және есеп айырысулардағы түзету жазбаларын көрсете отырып, келесі жұмыс күніндегі алшақтықты түзетеді не Байланыс арналары арқылы түзетулер мен өзгертулер тәсілін Қатысушымен келіседі, ал тексеру нәтижесінде есептердің дұрыстығы расталған жағдайда, Қатысушыға тексерудің дұрыстығын растайтын ақпаратты хабарлайды. Қатысушы Тізілімді салыстырып тексеру нәтижесінде алшақтықтар туралы деректер болмаған жағдайда, Тізілімді алған күні Қатысушының жұмыс күні Астана уақытымен сағат 12-00-ге дейін Тізілім қабылданды деп есептеледі.

4) Тізілім негізінде Қатысушы мен Есеп айырысу Банкі арасындағы Төлемдер бойынша өзара есеп айырысу жөніндегі іс-әрекеттерді жүзеге асыруға міндеттенеді. Өзара есеп айырысу Қатысушыдан ақша түскен Операциялық күн ішінде жүзеге асырылады. Егер Тізілім Байланыс арналары бойынша Төлемдерді есептеу үшін берілмеген жағдайда, Есеп айырысу Банкі Есептік күн үшін Төлемдер сомасын көрсете отырып, деректемелерде (Шарттың 15-бабы) көрсетілген электрондық пошта арқылы ақпаратты Қатысушының Өтініште көрсетілген электрондық поштасына жолдайды;

5) Есептік күннен кейінгі келесі жұмыс күні Астана уақытымен 10 сағат 00 минуттан кешіктірмей Қатысушыны келісілген байланыс арналары арқылы Тізілімді қалыптастыруда кідіріс тудыруы мүмкін техникалық сипаттағы себептердің туындағаны туралы (олар болған кезде) хабардар етуге **міндеттенеді**.

6) Жинақ шотындағы ақша қалдықтарын, сондай-ақ Қатысу шартын тиісінше орындау мақсатында Кепілдік салымның мөлшері мен жеткіліктілігін бағалайды, қажет болған кезде Салымшыға Шарттың деректемелерінде көрсетілген электрондық поштаға Жинақ шотын және/немесе Кепілдік салымын толықтыру қажеттігі туралы хабарламаны электрондық түрде жібереді.

5.2. Есеп айырысу Банкі қалыптастыратын және Қатысушыға берілетін Тізілімдер өзара есеп айырысуды жүргізу үшін негіз болып табылады.

5.3. Тізілімдердің нысандары және Тараптар арасындағы Тізілімді беру тәртібі ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕ келтірілген.

5.4. Өтінішке қол қою арқылы Қатысушы Шарт бойынша міндеттемелер және/немесе Шарттың талаптары бұзылған жағдайда Кепілдік салым сомасынан ақшаны ақцептісіз есептен шығаруға келісім береді.

5.5. Төлемді қабылдау жөніндегі міндеттемелерді Есеп айырысу Банкі орындаған, ал Сатып алушының нұсқауы Қатысушы мен Есеп айырысу Банкі арасындағы өзара есеп айырысу жүзеге асырылған күні орындалған деп есептеледі. Есеп айырысу Банкі Сатушы мен Есеп айырысу Банкі арасында жасалатын банктік қызмет көрсету шартының негізінде және оған сәйкес Сатушының банк шотын толықтырады.

5.6. Қатысушы тиісті шартта айқындалған мөлшерде Кепілдік салымын Есеп айырысу Банкіне орналастыруға және сақтауға міндеттенеді.

6. Жүйенің жұмысын тоқтата тұру

6.1. Оператор:

- 1) Оператор рұқсат етілмеген Төлемдердің белгілерін анықтаған жағдайда;
- 2) Қатысушы ҚЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға сәйкес күдікті операцияларға қатысты операцияларды жасаған немесе жасауға әрекеттенген жағдайда;
- 3) Қатысушыны тәуекелі жоғары компаниялар тізіміне енгізген жағдайда;
- 4) Қатысушының Оператормен іскерлік қатынастарды жалғастыруға ниеті болмаған жағдайда;
- 5) Қатысушының Сервис үшін төлем шарттарын бұзуы және/немесе Жинақ шотында ақшаны қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді, оның ішінде күнтізбелік 3 күннен астам кідіріспен Кепілдік салымды орындамауы;
- 6) Шарттың кез келген талаптарын жүйелі түрде бұзу/сақтамау;
- 7) тұтастай алғанда Жүйенің ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТІ мен жұмысқа қабілеттілігінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін Қатысушының жүйенің техникалық сипаттамаларын жаңарту жөніндегі талаптарды уақтылы қабылдамауы/іске асыруы;
- 8) дұрыс емес ақпаратты тарату және/немесе Оператордың немесе Есеп айырысу Банкінің беделіне зиян келтіру жағдайында бас тартуға және/немесе Сервисті тоқтата тұруға құқылы.

6.2. Оператор Қатысушы тарапынан барлық кемшіліктерді жою сәтіне дейін Шарттың, Қағидалардың және/немесе техникалық регламенттің талаптарын бұзған жағдайда 1 (бір) жұмыс күні ішінде Сервистің жұмысын біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе егер жойылмаса, онда 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Шартты бұзуға құқылы.

6.3. Қатысушы:

- 1) Қатысушы рұқсат етілмеген Төлем белгілерін анықтаған жағдайда;
- 2) ұсынылатын құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген болса;
- 3) Оператор ҚЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға сәйкес күдікті операцияларға жататын операцияларды жасаған немесе жасауға әрекеттенген жағдайда;
- 4) Оператор тәуекелі жоғары компаниялар тізіміне енгізілген жағдайда;
- 5) Оператордың Қатысушымен іскерлік қатынастарды жалғастыруға ниеті болмаған жағдайда;
- 6) Оператор күнтізбелік 3 күннен астам кідіріспен Қатысушыға тиесілі комиссия сомасын негізсіз төлемеген жағдайда Төлем қызметін көрсетуден бас тартуға құқылы.

6.4. Есеп айырысу Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, соның ішінде:

- 1) рұқсат етілмеген Төлем белгілері анықталған жағдайда;
- 2) ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;
- 3) Оператор немесе Қатысушы ҚЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға сәйкес күдікті операцияларға жататын операцияларды жасаған немесе жасауға әрекеттенген жағдайда;
- 4) Операторды немесе Қатысушыны тәуекелі жоғары компаниялар тізіміне енгізілген жағдайда; Оператордың немесе Қатысушының Есеп айырысу Банкімен іскерлік қатынастарды жалғастыру ниеті болмаған жағдайда өзара есеп айырысуды жүргізуден бас тартуға құқылы.

7. Құпиялылық

7.1. Шарттың талаптары, сондай-ақ банктік, қаржылық, коммерциялық, клиенттік, маркетингтік, техникалық және өзге де ақпаратты қоса алғанда, келіссөздер жүргізу, Шарт жасасу, Шартты орындау процесінде Тараптар алған барлық мәліметтер құпия болып табылады (бұдан әрі - Құпия ақпарат).

7.2. Тараптар үшінші тұлғалардың Құпия ақпаратты рұқсатсыз алу әрекеттері анықталған жағдайда бірін-бірі дереу хабардар етуге міндеттенеді.

7.3. Тараптар Шарт бойынша екінші Тараптан алынған Құпия ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді.

7.4. Тараптардың әрқайсысы Шарт аясында өзіне қол жетімді болған құпия ақпаратты рұқсатсыз пайдаланудан, таратудан немесе жариялаудан қорғауды қамтамасыз етеді. Мұндай ақпарат екінші Тараптың жазбаша рұқсатынсыз үшінші тараптарға берілмейді және Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан басқа мақсаттарда пайдаланылады.

7.5. Шартта және Шарттың аясында жасалған шарттарда/техникалық хаттамаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе өзге тәсілмен жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасымен уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың Құпия ақпаратты алуға жазбаша сұрау салулары негізінде ғана мүмкін болады.

7.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ сақтандыру компанияларының сұрау салуы бойынша құпия ақпарат беру құпиялылық режимін бұзу болып табылмайды. Ақпарат берудің барлық жағдайлары туралы Тараптар бір-біріне хабарлауға міндетті.

7.7. Қандай да бір Тарап құпия ақпараты жария еткен жағдайда, осы Тарап екінші Тарапқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай жария ету нәтижесінде келтірілген және құжатпен расталған залалды өтеуге тиіс.

7.8. Құпия ақпаратты жария етпеу туралы талаптар Шарт мерзімі ішінде, сондай-ақ оның қолданылу мерзімі аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

7.9. Тараптардың атаулары мен логотиптері, сауда нүктелерінің мекенжайлары мен жұмыс кестесі, Тараптардың байланыс деректері мен жұмыс кестесі Құпия ақпаратқа жатпайды.

8. Дербес деректер

8.1. Шарт аясында Тараптар Сатып алушылардың (жөнелтушілердің) және сатушылардың (алушылардың) дербес деректерін (бұдан әрі - ДД) бір-біріне береді, олардың құрамы олармен жасалатын шарттардың

талаптарымен айқындалған.

8.2. Шарттың әрбір Тарапы Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз етеді және олардың иелерінен ДД жинауға және өңдеуге тиісті келісімдердің болуына және алынуына кепілдік береді.

8.3. Тараптарға екінші Тараптың алдын ала жазбаша рұқсатынсыз және өз клиенттерінің келісімінсіз клиенттердің ДД үшінші тұлғаларға беруді жүзеге асыруға тыйым салынады.

8.4. Беруші тарап Шартта көрсетілген мақсаттарда өңдеу үшін өз клиенттерінің ДД Қабылдаушы тарапқа беруге құқықтық негіздердің болуына кепілдік береді.

8.5. Қабылдаушы тарап Беруші тараптан алынған ДД-ді өңдеуді жүзеге асыруға, сондай-ақ дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманың талаптарына сәйкес өңделетін ДД-дің құпиялылығы мен қорғалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Беруші тараптан алынатын ДД оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, ДД жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, беруден, таратудан, сондай-ақ Беруші тараптан алынатын ДД-ге қатысты өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар қабылдауға немесе оларды қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

8.6. Шартты орындау аясында Тараптар арасында ДД беру ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕ көрсетілген қорғалған байланыс арналары бойынша және/немесе Өтініште және Шартта көрсетілген мекенжайлар бойынша электрондық пошта арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады.

8.7. Тарап Шарттың және/немесе ДД өңдеуге және қорғауға қатысты міндеттемелер бөлігінде ДД туралы заңнаманың талаптарын бұзған жағдайда, мұндай Тарап өз есебінен өз клиенттерінің, мемлекеттік органдарының және өзге де тұлғалардың басқа Тарапқа қойған барлық талаптарын реттеуге, сондай-ақ жәбірленуші Тарапқа осындай бұзушылықтың нәтижесінде шеккен кез келген залалдар мен шығыстарды өтеуге міндеттенеді.

9. Тауарлық белгілер және зияткерлік меншік

9.1. Тараптар Шартты бұзған күннен бастап Есеп айырысу Банкінің немесе Оператордың тауар белгілерін орналастыруды тоқтатады (Есеп айырысу Банкінен рұқсат болған кезде).

9.2. Қатысушы Оператордың және/немесе Есеп айырысу Банкінің тауар белгілерін, логотиптерін және өзге де дараландыру құралдарын пайдалану ниеті кезінде Операторға және/немесе Есеп айырысу Банкіне тиісті рұқсат алу мақсатында сұрау салу жіберуге міндеттенеді.

9.3. Қатысушы Шартты бұзған күннен бастап Оператордың тауар белгілерін орналастыруды тоқтатады.

10. Санкциялық ескертпе

10.1. Осы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде және ол бойынша міндеттемелерді орындаған кезде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары шет мемлекеттер органдарының халықаралық экономикалық санкцияларының объектілері болып табылмайтынына, сондай-ақ мұндай тұлғалардың бақылауында еместігіне кепілдік береді.

10.2. Тараптар мен олардың үлестес тұлғалары халықаралық экономикалық санкциялардың мынадай талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді және оны бұзуға тікелей немесе жанама ықпал ететін іс-әрекеттерге бармауға міндеттенеді:

- 1) БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің жиынтық санкциялық тізбесі;
- 2) SDN, SSI, CAPTA-ны қамтитын OFAC санкциялық тізімі;
- 3) Еуропалық Одақтың шоғырландырылған санкциялық тізімі;
- 4) ФАТФ ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткіліксіз орындайтын елдердің тізімі;
- 5) FinCEN 311 – ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың негізгі мәселесіне байланысты юрисдикциялардың, қаржы мекемелерінің немесе халықаралық операциялардың тізімі;
- 6) OFSI-дің санкциялық тізімі.

10.3. Операторда, Есеп айырысу Банкінде Қатысушымен Шарттың 10.1. және (немесе) 10.2-тармағының бұзылғаны немесе бұзылуы мүмкін екені жөнінде күдік туындаған жағдайда, Оператор Қатысушының мекенжайына тиісті хабарлама жолдайды.

10.4. Қатысушы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұзушылықтар, сондай-ақ Шарттың 10.1. және (немесе) 10.2-тармағын бұзуға әсер ететін талаптар болмаған кезде, бұл туралы жазбаша растау ұсынуға тиіс.

10.5. Шарттың 10-тармағының талаптары бұзылған және (немесе) орындалмаған жағдайда, Оператор және Есеп айырысу Банкі іскерлік/шарттық қатынастарды орнатудан/жалғастырудан бас тартуға, операция жүргізуден, қызмет көрсетуден бас тартуға, Қатысушының пайдасына төлемді тоқтата тұруға, Шарт бойынша ақы төлеуден бас тартуға, Қатысушыға тиісті жазбаша хабарлама жолдап, Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен толық немесе ішінара орындаудан бас тартуға құқылы. Қатысушы аталған хабарламаны алған сәттен бастап Шарт бұзылған болып саналады.

10.6. Егер Қатысушы немесе онымен тікелей немесе жанама байланысты тұлға елдер, одақтар, ұйымдар енгізген халықаралық экономикалық санкциялардың, тыйымдардың, шектеулердің ықпалында болса және (немесе) санкциялық элементпен, оның ішінде санкциялық тауарлармен/қызметтермен өзге де байланысы болса, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкцияларды бұзудың ықтимал тәуекелдері болған жағдайда, Оператор және Есеп айырысу Банкі шарттық қатынастар орнатудан бас тартуға, операция жүргізуден бас тартуға, қызмет көрсетуден бас тартуға, ақы төлеуді тоқтата тұруға, ақы төлеуден бас тартуға, сондай-ақ Қатысушымен жасалған барлық шарттарды біржақты тәртіппен бұзуға және іскерлік/шарттық қатынастарды тоқтатуға құқылы.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

11.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, жұмыскерлері немесе делдалдары қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсаттармен осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаға қандай да бір ақша қаражатын төлемейді немесе құндылықтарды сыйға тартпайды, ұсынбайды және оған рұқсат бермейді.

11.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, жұмыскерлері немесе делдалдары Шарт үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық сатып алу деп сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданылатын заңнаманың және халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды.

11.3. Тараптың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың (ескертпелердің) қандай да бір ережесінің бұзылғанына немесе бұзылу мүмкін екеніне күдігі туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапқа жазбаша нысанда хабарлауға міндеттенеді. Тарап жазбаша хабарламада Орындаушының, оның үлестес тұлғаларының, жұмыскерлерінің немесе делдалдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың (ескертпелердің) қандай да бір ережесін бұзған немесе бұзуы мүмкін деп болжауға негіз болатын немесе шынайы растайтын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті. Жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарап бұзушылықтың болмағаны немесе болмайтыны туралы растау беруге тиіс.

11.4. Қандай да бір Тарап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарда (ескертпелерде) тыйым салынған іс-әрекеттерден бас тарту міндеттемелерін бұзған және/немесе қандай да бір Тарап Шартта белгіленген мерзімде бұзушылықтың болмағанын немесе болмайтынын растайтын құжатты алмаған жағдайда, екінші Тараптың бірінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен орындаудан толық немесе ішінара бас тартуға құқығы бар. Бірінші Тарап аталған хабарламаны алған сәттен бастап Шарт бұзылған болып саналады. Осы тармақтың ережелеріне сәйкес бастамасы бойынша Шарт бұзылған Тарап осындай бұзудың нәтижесінде келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

12. Шарттың қолданылуы. шартты өзгерту және бұзу

12.1. Шарт оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 1 (бір) жыл бойы қолданылады. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Тараптардың бірінің Шартты тоқтату туралы хабарламасы болмаған жағдайда Шарт осындай мерзімге автоматты түрде ұзартылған болып есептеледі. Ұзартулар саны шектелмеген.

12.2. Оператордың біржақты өзгерістер енгізуін, оның ішінде Жүйенің құжаттарын бекіту және Сайтта орналастыру жағдайларын қоспағанда, Шарттың талаптарын өзгертуді Тараптар Шартта және Өтініште көзделген қорғалған Байланыс арналары арқылы келіседі және ресімдейді.

12.3. Оператор біржақты тәртіппен Жүйенің құжаттарын бекітуге, атап айтқанда, ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТКЕ, ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЕРЕЖЕСІНЕ, қауіпсіздік рәсімдеріне, хабарламаларды жіберу тәртібіне, Даулы жағдайларды қарау тәртібіне қатысты, Оператордың комиссиялары/Тарифтер мәселелері бойынша Шарттың талаптарына өзгерістер енгізуге құқылы. Осындай өзгерістер енгізілген жағдайда, Оператор осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Қатысушы мен Есеп айырысу Банкіне Сайтта жариялау арқылы немесе өзге де қорғалған Байланыс арналары арқылы хабардар етеді.

12.4. Оператор біржақты тәртіппен жасайтын Шартты өзгерту және/немесе толықтыру (Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда) Шартта көзделген тәртіппен өзгерістер туралы Қатысушыны хабардар ету арқылы қосымша келісімдерді жасамай жүзеге асырылады. Оператор біржақты тәртіппен енгізген өзгерістер хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

12.5. Оператор мен Қатысушының банк деректемелері мен банк шоттарының нөмірлерін өзгерту, Шартта және/немесе Өтініште көрсетілген өзгерістер туралы хабарламаны көрсетілген мекенжайлар бойынша хабарламаның сканерленген көшірмесін қоса бере отырып, Тараптар хабарлаған жаңа электрондық пошта мекенжайларын пайдалана отырып, Тараптың уәкілетті адамы қол қойған электрондық хабарламамен жіберу немесе қол қойылған хабарламаның түпнұсқасын тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберу немесе оны көшірмесіне алғаны туралы белгі қоя отырып, Тараптың өкіліне қолма-қол тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

12.6. Шартта және/немесе Өтініште көрсетілген Тараптардың пошта деректемелері, электрондық пошта мекенжайлары өзгерген жағдайда Тараптар осындай өзгерістер туралы Шартта және/немесе Өтініште көрсетілген мекенжайлар бойынша электрондық хабарламалар жіберу арқылы хабардар етеді.

12.7. Қатысушы біржақты тәртіппен енгізілген өзгерістермен келіспеген жағдайда, Қатысушы Шартта көрсетілген Оператордың мекенжайына тиісті жазбаша хабарлама жібереді, бұл ретте Шарттың қолданылуы тоқтатыла тұрады және Сервис қол жетімсіз болады. Егер Қатысушы Сервисті пайдалануды жалғастырған жағдайда, Қатысушы Шартқа барлық өзгерістерді қабылдады деп есептеледі.

12.8. Оператор Есеп айырысу Банкінен Шартқа Қатысушының Жинақ шотын тиісінше орындамағаны, оның ішінде депозит (төмендетілмейтін қалдық)/салым енгізілмегені туралы мәліметтер алған жағдайда Шартты бұзуға құқылы.

12.9. Тараптар Шарттың қолданылуын тоқтатудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күн бұрын Операторға тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты бұзуға құқылы.

12.10. Шартты Тараптардың бірінің бастамасы бойынша бұзу Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күн бұрын екінші Тараптың электрондық мекенжайына Шартты бұзу туралы хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. Шарт Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаннан кейін, оның ішінде даулар шешілгеннен кейін, бірақ хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік 180 (бір жүз сегіз)

күннен аспайтын не осындай хабарламада көрсетілген күннен бастап, сондай-ақ түпкілікті өзара есеп айырысу жүргізілгеннен және актіге қол қойылғаннан кейін ғана бұзылды деп есептеледі.

12.11. Шарт бұзылғаннан кейін Сервисті ұсыну және Технологиялық платформаға қол жеткізу тоқтатылады.

12.12. Шартты бұза отырып, Тараптар Шарттың қолданылуы тоқтатылғанға дейін туындаған, бірақ орындалмаған, атап айтқанда Сервисті төлеу бойынша міндеттемелерден босатылмайды.

13. Тараптардың жауапкершілігі

13.1. Тараптар Шартта көзделген міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

13.2. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамағаны үшін кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екінші Тарапқа келтірілген шығындарды (мүліктегі нақты залалды ғана) өтейді.

13.3. Тараптар банктік құпияны құрайтын ақпаратты жария еткені үшін жауапты болады.

13.4. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау Шарт жасасқаннан кейін төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде туындаған, Тарап болжай алмаған не ақылға қонымды шаралармен алдын ала алмаған еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

13.5. Осы тармақта көрсетілген мән-жайлар туындаған кезде өзінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі болмаған Тарап құжаттық дәлелдемені қоса бере отырып, 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа хабарлауға тиіс.

13.6. Есеп айырысу Банкі Қатысушыға Тізілімді алуға мүмкіндік бермейтін еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауына байланысты Қатысушының Тізілімді алу мерзімдері үшін жауапты болмайды.

13.7. Оператор Қатысушы/Есеп айырысу Банкі мен оның клиенттері арасында туындайтын барлық/кез келген даулар бойынша жауапты болмайды. Қатысушы/Есеп айырысу Банкі мен олардың клиенттерінің өзара жауапкершілігі олардың арасында жасалған шарттар негізінде айқындалады. Клиенттің не Қатысушының/Есеп айырысу Банкінің кінәсі бойынша Төлемді қабылдау/жүргізу қате болған жағдайда, оның ішінде клиент Төлем жүргізу кезінде дұрыс емес деректерді көрсеткен жағдайда Қатысушы/Есеп айырысу Банкі клиентпен туындаған барлық келіспеушіліктерді дербес реттейді. Бұл ретте Қатысушы Тарифтерде және/немесе Шартта көзделген тәртіппен Сервис үшін ақы төлейді.

13.8. Оператор Сатып алушылар мен Қатысушының Тауарды сатып алу кезінде туындаған тәуекелдері үшін жауапты болмайды. Даулы және/немесе таласты жағдайлар туындаған жағдайда Тараптар ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЕРЕЖЕСІН басшылыққа алады.

13.9. Тараптар Шарт шеңберіндегі қызметтестікті техникалық себептер бойынша жүзеге асырудың мүмкін еместігі, жұмысы Тараптарға байланысты емес байланыс желілерінің не коммуникациялық жабдықтардың ақаулығы, Байланыс арналарының жұмысындағы үзілістер, электр қуатындағы үзілістер, интернет желісінің қазақстандық және халықаралық сегменттерінің жұмысында жаһандық үзілістер, бағдарлау жүйелерінің және/немесе домендік атаулар жүйесіндегі іркілістердің, DDoS-шабуылдардың және өзге де іс-қимылдардың Интернет ресурстары мен Байланыс арналарының жұмыс қабілеттілігін бұзатын не бенефициар банктің ақша есептеуден бас тартуы себебінен туындайтын жағдайлар үшін жауапты болмайды.

13.10. Оператор Қатысушының Өтініште көрсетілген банк шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде осындай шоттардағы ақшаға тыйым салу нәтижесінде Қатысушы шеккен залалдар үшін жауапты болмайды.

13.11. Тараптар Шарт аясында бір-біріне берілетін ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапты болады.

14. Басқа жағдайлар

14.1. Шарт бойынша құжаттардың/өтініштердің, хаттамалардың, қосымшалардың нысандарына қатысты жекелеген шарттар мен ережелер Сайтта және/немесе Жеке кабинетте (техникалық мүмкіндік болған жағдайда) орналастырылуы мүмкін.

14.2. Қатысушы https://ir.kaspi.kz/media/Code_of_Ethics.pdf сілтемесі бойынша орналастырылған Kaspi.kz АҚ-тың Әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексінің ережелерімен танысқанын және (өзіне қатысты бөлігінде) ұстанатынын растайды.

14.3. Тараптар өз тарапынан Шартты орындау үшін қажетті барлық лицензиялар мен рұқсаттардың болуына кепілдік береді.

14.4. Шартты орындау кезінде Тараптардың ЭЦҚ-ны пайдалануының түрі, қолдану тәртібі және құқықтық салдары Интернет желісіндегі <https://kaspi.kz/guide> мекенжайы бойынша орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ-тың Куәландырушы орталығының регламентінде айқындалған.

14.5. Қатысушының Жеке кабинетіне кіру Оператор белгілейтін және Сайтта орналастырылған нұсқаулықта белгіленетін рәсімге сай жүргізіледі.

14.6. Шарттың Тараптары, олардың арасында даулар, қайшылықтар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу шараларын қабылдайды (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: талап қою жұмысын жүргізу, талаптар мен хабарламалар, хаттар, электрондық хабарламалар, SMS хабарламалар жіберу, факсимильді байланыспен және заңмен тыйым салынбаған басқа да байланыс құралдарын пайдалану). Тараптар дауды сотқа дейінгі немесе соттан тыс реттеу жөнінде қабылданған шаралар нәтижесінде келісімге қол жеткізбеген кезде дау Оператордың орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешуге беріледі.

14.7. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

14.8. Шартты жасасу орны Алматы қаласы болып табылады.

14.9. Шартты орындау үшін пайдаланылатын Тараптардың электрондық мекенжайлары:

- 1) Оператор _____ мекенжайын пайдаланады;
- 2) Есеп айырысу Банкі _____ мекенжайын пайдаланады;
- 3) Қатысушы Өтініште көрсетілген электрондық мекенжайды және деректемелерді пайдаланады.

Қосымшалар, техникалық хаттамалар, Өтініштер және Тараптар электрондық түрде келіскен, Сайтта орналастырылған және/немесе Тараптар қол қойған өзге де құжаттар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады

Қосымшалар:

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ;
ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЕРЕЖЕСІ;
Kaspi.kz төлем жүйесінің ережесі,
Тарифтер.

15. Тараптардың деректемелері

Оператордың деректемелері:

Kaspi Pay ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А»

БСН 200840000951

«Kaspi Bank» АҚ-тағы

ЖСК KZ86722S000004987101

БСК CASPKZKA

Есеп айырысу Банкінің деректемелері:

«Kaspi Bank» АҚ

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А»

Ұлттық Банктегі к/шот № KZ69125KZT1001300249

БСК NBRK KZ KX

БСН 971240001315

Банктің Сайты: www.kaspi.kz/business

электрондық мекенжайы: business@kaspi.kz

Call center 2323 жұмыс режимі: 9:00-23:00 сағ. (ұялы телефоннан қоңырау соғу тегін)

Қатысушының деректемелері Өтініште көрсетілген.